

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1179 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына (келісім бойынша) Астана қаласының жаңа орталығында "Министрліктер үйі" объектісін салу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 886 қаулысын іске асыруға байланысты шығындарды "КУАТ" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамына ішінара өтеуге 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 1000000000 (бір миллиард) теңге бөлінсін. < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.13. N 1307 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі